

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті жанындағы  
«6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиет» (8D017- Тілдер және әдебиет  
бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты), «6D020500 – Филология»  
(8D023-Тілдер және әдебиет) мамандықтары бойынша диссертациялық  
көңесіне ұсынылған философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу  
үшін дайындаған

Молдабаева Карлыгаш Ергазиевнаның  
«Академиялық жазылымды модельдеудің теориясы мен практикасы»  
тақырыбына жазылған диссертациялық тақырыбына жазылған  
диссертациясының қолжазбасына

## П И К I Р

### 1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Академиялық жазылымның басты мақсатының бірі – білім алушының ғылыми ойлай алуы мен ғылыми жаза алуына баулу. Ғылыми мақала жазу, жоба ұсыну, тіпті аргументативті эссе жазу да онай емес, ол – жазуға дейінгі ойлау элементтерін косатын, тілден тыс жатқан логикалық құбылыстармен де байланысы бар күрделі үдеріс. Оны санада белгілі бір тақырып жайында ойды қорытуға қабілеті бар жеке тұлғағана іске асыра алады. Білімгерлердің болашақ маман екендігін ескерсек, осы міндетті университетте оқып жүріп игеру немесе игерту үшін қадам жасау болашақ маман үшін де, ғылыми қызметкер үшін де пайдалы болмак.

Қазақстандағы академиялық жазылым түрлері, әдетте, Ресей стандарттарына сәйкес рәсімделетін. Бұғаңға күнге дейін осылай рәсімделіп келеді. Ашық ақпараттық кеңістікте ғылыми мәтіндердің халықаралық стандарт талаптарына сай болмағандықтан, шетелдік журналдарда жариялануы қыынға соқты. Соған сәйкес, Қазақстан және Ресей ғалымдарының мақала жарияланымдары тек өз аясындағана қалды.

Келе-келе Қазақстан ғалымдары шетелдік басылымдарға жол тауып, мақалаларын халықаралық стандарттарға сай рәсімдей отырып, жариялауды колға алды, жариялауда.

XXI ғасырда ғылымдағы коммуникация нысандары мен әдістеріне де, ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың сипаты мен мазмұнына да өзгерістер енуде. Мектеп окушысынан бастап ғылыми қызметкерлерге дейін халықаралық басылымдарда мақала жариялауға деген ұмтылысының күрт өсуі академиялық жазылымды қалыптастыру қажеттілігін көрсетіп берді. Егер әлемде XX ғасырда, біздің елімізде 2020-2021 оку жылынан бастап барлық жоғары оқу орындарының докторантураларда денгейіне осы аттас пәннің міндетті компонент ретінде енгізілуі аталған мәселенің қаншалықты өзектілігін дәлелдеп кана қоймайды, осы мәселені ғылымды дамытудағы басты тренд ретінде айқындал, оны жетілдірудің, модельдеу арқылы игертудің ғылыми-әдістемелік мүмкіндіктерін карастыру қажеттігі зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді.

## **2. Диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес зерттеудің ғылыми нәтижелері.**

Зерттеу жұмысы үш тараудан, кіріспе, қорытынды және қосымша материалдардан тұрады.

Зерттеу жұмысының мазмұны, тілі, қажетті ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі докторлық диссертацияларға (PhD) қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертацияның нәтижелері мен ұсынған ғылыми тұжырымдары тақырыпқа қатысты белгілі ғалымдардың еңбектеріне, академиялық жазылым түрлерін жіктеу, модельдеу; модельдеудің жолдары, теориясы және модельдеу тәжірибесі негізінде академиялық жазылымның ғылыми-теориялық және методологиялық негіздері қарастырылған.

Академиялық жазылымды модельдеудің теориясы мен практикасын зерттеу барысында мынадай нәтижелерге қол жетті:

- академиялық жазылымның әлемдік және Қазақстанның білім беру қеңістігіндегі түсінігі, колданыс деңгейі зерттеліп, сараланды;

- академиялық жазылымның қалыптасуына стильдердің ықпалы анықталып, салыстырмалы шолу жасалды;

- классикалық риториканың академиялық дискурстың алғашқы бастауы екендігі көрсетілді;

- академиялық жазылым құрылымдарына және талаптарына сәйкес ережелер мен жарияланым конвенцияларына алғаш рет салыстырмалы шолу жасалды;

- Қазақстанның және постсоветтік зерттеушілердің халықаралық басылымдарға мақала жариялау барысында туындейтын мәселелері қарастырылып, олардың себептері анықталып, шешімдер ұсынылды;

- академиялық жазылым түрлері мен тектерін модельдеу шаблондары ұсынылды;

- бакалаврлар білімінің студенттеріне қойылатын академиялық жазылым талаптары айқындалып, арнайы тәжірибе жүргізілді;

- еліміздің жоғары оқу орындарының бакалавр білімі бөйинша академиялық жазылым дағдыларын қалыптастыруды іске асырудың деңгейі анықталды;

- бакалавр білімінің студенттерінің академиялық этика мәселелерін түсінү деңгейі сараланып, студенттерді плағиат қолдануға мәжбүрлейтін факторлар анықталды;

- академиялық жазылымға қатысты web-ресурстар жинақталып, электронды контент ұсынылды.

## **3. Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдардың негізделуі мен шынайылығы дәрежесі.**

Диссертанттың кол жеткізген зерттеу нәтижелерінің ғылыми негіздемесі сапалы, қазак тіл білімі және әлемдік лингвистикадағы соңғы жетістіктерді пайдалана білген, әлемдік тәжірибедегі зерттеу әдістерін менгерген.

- Академиялық жазылымды зерттеу нәтижесінде Қазақстанның білім беру жүйесі мен ғылыми кеңістігінде оның жазбаша түрін және әлеуметтік ортада диалогтарда аузыша түрін дамыту үшін арнайы орталықтардың қызметін жандандыру қажет;
- Академиялық дискурс – құрылым, мазмұны, жағынан классикалық риториканың бүгінгі формасы;
- Академиялық жазылымның жүйелі құрылуды, мазмұнды болуында ғылыми коммуникациядағы риторикалық және жарияланымдық конвенциялардың рөлі жоғары.
- академиялық жарияланымдардың 2010-2020 жж. аралығында жазылған үлгілері халықаралық жазылым талаптарына сай келмейді.
- академиялық жазылым түрлері мен тектерін модельдеу, шаблон дайындау – академиялық жазылымды игерудің алғышарты;
- академиялық мәтіндерді дұрыс құруда үйретуші мен білім алушы субъектілердің коммуникациялық құзыреттіліктері сәйкес келу керек;
- Плагиат мәселесі академиялық жазылым туралы ережелердің лайықты әрекет етпеуінен, ғылыми этика талаптарының орындалмауынан болады;
- зерттеу нысанына байланысты ғаламтордағы академиялық жазылымға қатысты материалдарды web-ресурсқа жинақтап, сол арқылы білім беру, электронды контент жасақтау – академиялық жазылым туралы білім жинақтауда үлкен рөл атқарады.

Диссертацияда айтылған пікірлердің, жасалған қорытындылар мен тұжырымдардың нақтылығы, негізділігі, зерттеудің ғылыми айналымына мол теориялық деректерді түсіруі жұмыстың салмагын арттырып, сапасын көтере түседі.

Диссиденттың қол жеткізген әрбір нәтижесі, ғылыми жаңалықтары мен қорытындылары зерттеу мақсатына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының өн бойында орын алатын ғылыми ой-пікірлердің қай-қайсысы да нақты әдіснамалық материалдар негізінде және оқытудың әдістемелік жүйесінде дәйектелген. Оқытуға қатысты материалдар жан-жақты талданып, нәтижесінде зерттеу тақырыбына қатысты түйінді тұжырымдар жасалған.

#### **4. Әрбір нәтиженің ғылыми жаңалығы дәрежесі.**

Зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми дәрежесі мен қорытындының жаңалық дәрежесі төмендегідей:

- Академиялық жазылым негізінде Аристотельден бастау алған классикалық риториканың моделі жатыр, себебі жазылымның барлық кезеңдерінде риторика маңызды қызмет атқарады. Риторикалық тұрғыдан қарастырганда жазудың негізгі қызметі - нанымды аргументация арқылы коммуникация мақсатына қол жеткізетін әлеуметтік-саяси қызмет. Аргументацияның бірізділігі мен жүйелілігі мәтіннің оқырманға бағытталған құрылымын, басқаша айтканда композициясын анықтайды, сондықтан мәтін классикалық риториканың үш аспектісіне негізделіп, дамытылып отырған тақырыптан ауытқымай ( мәтіннің фокусы), әкпарат іздеу барысында киындық туғызбайтындей орналасып (мәтіннің ұйымдастыруы) және анық,

нақты, сауатты тілмен ( мәтіннің механикасы) жазылуы тиіс екендігі айқындаған.

- Академиялық жазылымның ғылыми-теориялық негіздерін айқындауда классикалық риториканың орны белгіленді. Ұлттық ғылымдағы академиялық жазылым тарихы калыптасуы, дамуы, зерттелуі арқылы көрсетілді, сондай-ақ ғылыми коммуникациядағы конвенциялардың бар екендігі 2010-2020 жж. Академиялық жарияланымдардың құрылымы мен мазмұны, мағынасы қарастырган.

- академиялық жазылым жанрлары, олардың құрылымдары, жаңадан модельдеу, модельдеудің жолдары, тәжірибесі, теориясы толықты. Білім алушылардың академиялық жазылым деңгейі зерттелді, сараланды, нәтиже негізінде модельдеу басты критерий ретінде алынды. Эссе, реферат, ғылыми жоба жазу деңгейлері сараланды және сол арқылы модельдеу ұсынылды.

- академиялық жазылым авторларының ғылыми этикасы мен адалдығы қарастырылған. Ғылыми зерттеуді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу кезінде ғылыми этика талаптарының сақталу деңгейі жазылған. Ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату кезінде ғылыми этика талаптарының сақталу талаптары көрсетілген. Зерттеу нысандарының құқыктары, қауіпсіздіктерін, жағдайларын корғаудың жүргізілу (тіршілік ету ортасы, тірі табигат нысандары болған жағдайда) барысы да этикалық талаптарға жататындығы көрсетілген. Диссертацияның әдіснамалық негіздері үшін еңбектердің пайдалануында да ғылыми этика талаптары сақталу қажеттігі нақты дәйектелген.

##### **5. Алынған нәтижелердің ішкі байланыстылығына берілген баға.**

Зерттеу жұмысында келтірілген ғылыми нәтижелер мен мен ізденушінің диссертацияда жасаған түйіні мен корытындысы бір-бірімен сабактас, ішкі мазмұны арқылы толық үйлеседі. Әр тарау мен тармақтарда айтылған пайымдау пікірлер мен тұжырымдар кейінгі тараулармен мазмұны арқылы жалғасып, мағыналық бірлікте байланысқан.

Зерттеу жұмысы тақырыпқа байланысты анықтамадан, кіріспе, үш тараудан, корытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымша материалдардан тұрады. Диссертациялық жұмыста ғылыми жұмыста халықаралық жарияланымдық конвенциялар жарияланымға тікелей әсер ететін реєсми және бейресми процедуралардан тұратыны, және ол жарияланым процесі барысында іске асырылуы тиіс білім кешені болып табылатыны, зерттеушілердің осы конвенцияларды сақтай отырып кана жетістікке жетуге мүмкіндігі бар екені дәлелденген.

Зерттеу жұмысында академиялық жазылымның казақ ғылыми жазба тілініне жататыны анықталып, академиялық жазылым құралы – жазу екені, академиялық коммуникация жазба мәтіндер негізінде іске асатыны негізделіп, академиялық мәтіндердің жоғары оку орындарында жазылатын жанрлары мақала, диссертация, реферат, эссе, конспект сияқты түрлерінің жазылу методологиясы берілген.

Диссертацияда академиялық дискурстың көрінісін анықтау мақсатында тәжірибелер жүргізіліп, білім алушылардың академиялық жазылым

дагдыларын менгеру денгейі зерттеліп, сарапанған, нәтиже негізінде модельдер ұсынылған. Білім алушылардың эссе жазу дағдылары төрт өлшем бойынша сарапанып, талданып, нәтиже негізінде ұсыныстар, модельдер берілген. Білім алушылардың академиялық этика, академиялық адалдық мәселелері бойынша түсінік денгейі тәжірибе арқылы анықталып, алынған нәтижеге негізделіп ұсыныстар жасалған.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны салмақты, тілі жатық, ғылыми аппараты талапқа сай, алдына қойылған міндет дұрыс шешіліп, мақсат орындалған. Жұмыста накты ізденіс бар, бағыт-бағдары айқын, маңызды мәселені қозғап, оны шешудегі мақсатын толық атқарып шыққан.

Зерттеу жұмысында ізденуші салыстырмалы-тариhi зерттеу, жинақтау және жүйелеу әдістерін кеңінен колданған. Диссиденттың зерттеу нәтижесінде алынған ғылыми жаңалықтары мен талдаудан түйген қорытындылары ғылыми дәлелді. Зерттеуші алдына қойған мақсатына жету барысында өз тақырыбына қатысты мол материалдарды қамтыйған, көп ізденген.

#### **6. Алынған нәтижелердің сәйкесінше өзекті, теориялық немесе колданбалы мәселені шешуге бағытталуы.**

Диссертациялық зерттеуді толық аяқталған ғылыми жұмыс деп бағалауға болады. Зерттеу нәтижелері, ғылыми тұжырымдары әдістеме ғылымына өз денгейінде үлес қоса алады. Жасалған қорытындылар, тұжырымдалған ғылыми қағидалар қазақ тіл білімі ғылымын теориялық тұрғыдан толықтырады, білім мазмұнын кеңейтуге өзіндік үлесін қосады.

Ізденуші Молдабаева Карлығаш Ергазиевнаның «Академиялық жазылымды модельдеудің теориясы мен практикасы» атты диссертациялық жұмысындағы ғылыми ой-тұжырымдар маңызды саналады, зерттеудің ғылыми пәндік аппараты бір ізге түсірілген, ішкі логикалық тұластыққа ие, толық аяқталған жұмыс деуге болады.

#### **7. Диссертацияның негізгі тұжырымдарының, нәтижелерінің, қорытындыларының жарық көруін растау.**

Зерттеудің негізгі тұжырымдары, қорытындылары мен нәтижелері бойынша 10 мақала жарияланған. Соның ішінде, 1 мақала Scopus ғылыми дерекқоры базасына кіретін басылымда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 1 мақала халықаралық шетелдік журналда, 8 мақала халықаралық конференция материалдар жинағында жарық көрді.

#### **8. Диссертация бойынша ескертпелер мен ұсыныстар.**

Диссертация мазмұнында және рәсімделуінде айтарлық кемшіліктер орын алмаған.

#### **9. Диссертация мазмұнының «Ғылыми дәреже беру ережелеріне» сай келуі.**

Жоғарыда айтылғандар негізінде Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының 8D02301-«Филология» БББ-ның докторантты Молдабаева Карлығаш Ергазиевнаның «Академиялық жазылымды модельдеудің теориясы мен

практикасы» атты философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясын аяқталған жұмыс ретінде бағалап, диссертациялық кеңеске қорғауға лайық, ал оның авторы 8D02301-«Филология» БББ-сы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ғылыми жетекші,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі  
кафедрасының профессоры,  
филология ғылымдарының кандидаты

Г.Қ.Абдирасилова

Көлік	Г. Қ. Абдирасилова
Подпись	
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық жаңа	
университеті» КоАК HR қызметі	
Заверено: НАО «Қазахский национальный женский	
педагогический университет» HR служба	

